



«ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПЕН СЕКСУАЛДЫ АЛЫМСАҚТЫҚТЫҢ
ДЕҢГЕЙІ МЕН НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІН ЗЕРТТЕУ

ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

ЖОБА ТОБЫ

Жоба тобының жетекшісі	Надежда Геннадьевна Джумагулова , «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ғылым магистрі, «ҚР ЕХӘҚМ еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК ғылыми хатшысы
Жоба тобының аға мүшесі	Гульмира Жексеновна Есенова , э. ф. к., «ҚР ЕХӘҚМ еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК бас директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары
Жоба тобының мүшесі	Рашит Габитович Нурмагамбетов , з.ф. к., «ҚР ЕХӘҚМ еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК Қостанай облыстық филиалының жетекші ғылыми қызметкері
Жоба тобының мүшесі	Назгуль Батырбековна Абдрахманова , «ҚР ЕХӘҚМ Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК биомониторинг және еңбек гигиенасы бөлімі жетекшісінің м. а.
Сарапшы	Шынар Серікқызы Жүсіпқалиева , әлеуметтік зерттеулер саласындағы сарапшы, магистр, әлеуметтанушы
Еріктілер	Жанна Александровна Кемелова , «ҚР ЕХӘҚМ Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК заң кеңесшісі «ҚР ЕХӘҚМ Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК облыстық филиалдарының мамандары

Жоба 2022 жылғы 26 сәуірдегі RFP 2022-003 шарты шеңберінде Біріккен Ұлттар Ұйымының гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері жөніндегі құрылымының - «БҰҰ-әйелдер» бастамасы бойынша және қаржыландыруымен іске асырылды

Жоба тобы Жобаны іске асыру кезінде белсенді қолдау мен жәрдем көрсеткені үшін:

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры Д. Набиевке

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросына

«Атамекен» ҚР ҰКП-ға

«KAZENERGY» қауымдастығына

«Тау-кен өндірушілері және тау-кен металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы» ЗТБ-ға

Қазақстандағы «БҰҰ-әйелдер» жоба менеджері Н.Жүсіповаға

«ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК өз қызметінде әйелдердің өмірдің барлық салаларына тең қатысуына, атап айтқанда, әйелдердің экономика саласындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге және жұмыс орнын қоса алғанда, өмірдің барлық салаларында оның кез келген көріністерінде зорлық-зомбылыққа жол бермеуге ықпал ететін «БҰҰ-әйелдер» құрылымының негізгі бағыттары мен бастамаларын белсенді қолдайды.

МАЗМҰНЫ

1. Қазақстан Республикасында әйелдерге қатысты жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтықтың таралуы туралы статистикалық зерттеулердің нәтижелері.....	8
2. Қазақстан Республикасында жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтықтың негізгі түрлері мен себептері туралы талдамалық-статистикалық анықтама.....	26
3. Қазақстан Республикасында жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтықтың алдын алуға бағытталған халықаралық актілерді ратификациялау мүмкіндігі туралы ұсыныстар.....	29
4. Осы саладағы мемлекеттік мониторинг пен бақылауды қоса алғанда, жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу.....	35
5. ҚР Еңбек министрлігіне ұсыну үшін алынған нәтижелер мен ұсынымдарды валидациялау мақсатында мемлекеттік органдардың, жеке сектордың, азаматтық қоғамның, халықаралық және жергілікті ұйымдардың негізгі әріптестерімен зерттеудің алдын ала нәтижелерін, сондай-ақ ұсыныстар мен ұсынымдар жобаларын таныстыру және талқылау.....	41

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖҰМЫС ОРНЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПЕН СЕКСУАЛДЫ АЛЫМСАҚТЫҚТЫҢ ТАРАЛУЫ ТУРАЛЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

ISCЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ 2022 ж. 02.05. – 2022 ж. 03.06.

1.

Қазақстан Республикасында әйелдерге қатысты жұмыс орнында зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтықтың таралуы туралы статистикалық зерттеулердің теориялық кезеңінде осы мәселені зерттейтін және харассмент проблемаларын сипаттайтын отандық және шетелдік зерттеушілердің жарияланымдарын іздеу және зерттеу жүзеге асырылды.

Әлеуметтік ғылымдарда зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтықты қарастыратын зерттеулер айтарлықтай аз кездеседі. Сірә, бұл зорлық-зомбылық пен құдалау мәселесі жақында өзекті бола бастағандықтан және сандық зерттелу әдістерімен зерттеуге қиын түсуіне байланысты болуы мүмкін. Бірнеше жұмыстардың ішінде заңнамалық базаның салыстырмалы түрде ұқсас құрылымына және мемлекеттік органдардың норма шығару қызметіне көзқарастарға байланысты ресейлік зерттеушілердің зерттеулерін бөліп көрсету керек.

М. Харитонов «Понятие сексуального домогательства (харассмента) и механизмы противодействия ему в трудовом праве России» атты мақаласында¹ «харассмент» және «алымсақтық» анықтамаларына шолу жасайды. Автор мәлімдеменің формасы мен мазмұны сәйкес келмеуі мүмкін, оны түсіну мәнмәтінге байланысты, бұл сөйлеу әрекеттерін немесе жүріс-тұрысты харассмент ретінде саралау үшін қосымша қиындықтар туғызады. Қудалауды жыныстық сипаттағы мінез-құлықтан ажырату жолдары ұсынылған.

Н. Агазаде БҰҰ-ның 2008 жылғы ресми анықтамасына сілтеме жасай отырып, басқа адамды қорлауы және намысына тиюі мүмкін орынсыз және қалаусыз мінез-құлықты түсіну арқылы харассменттің ең кең түсіндірмесін береді².

С. Ю. Головина, Е. В. Сыченко, И. В. Войтковская сияқты авторлар Ресей мен Қазақстанның сот практикасы судьялардың қызметкерлерді қысым жасау, құдалау, моббинг³, харассмент сияқты зорлық-зомбылық түрлерінен қорғау мәселелеріне қатысты аз хабардар екендігін айғақтайды деп атап өтуде⁴.

¹ М.М. Харитонов «Понятие сексуального домогательства (харассмента) и механизмы противодействия ему в трудовом праве России» (публикация). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-seksualnogo-domogatelstva-harassmenta-i-mehanizmy-protivodeystviya-emu-v-trudovom-prave-rossii/viewer>

² Агазаде Н. Психологическое притеснение (харассмент) на рабочем месте и проблемы психического здоровья, сопровождающиеся суицидаль- Методология и теория юридической психологии 35 ными тенденциями // Медицинская психология в России. 2013. № 3(20). URL: <http://medpsy.ru>

³ Моббинг (ағылш. mob – агрессивті тобыр, банда) – отбасы, құрдастар тобы, мектеп, жұмыс орны, аудан, қауымдастық немесе Интернет сияқты кез келген мәнмәтінде топ тарапынан жеке адамға қатысты көрсетілетін психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі. Бұл жұмыс орнындағы физикалық және эмоционалдық зорлық-зомбылық ретінде орын алған кезде, мысалы, әріптестердің бағыныштылардың немесе бастықтардың біреуді қауесет, жалған ақпарат, қорқыту, қорлау, беделін түсіру және оқшаулау арқылы жұмыс орнынан қуып шығуы ([https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D0%B1%D0%B1%D0%B8%D0%BD%D0%B3\(%D1%81%D0%BE%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B0%B3%D0%B8%D1%8F\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D0%B1%D0%B1%D0%B8%D0%BD%D0%B3(%D1%81%D0%BE%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B0%B3%D0%B8%D1%8F)))

⁴ Головина С.Ю., Сыченко Е.В., Войтковская И.В. «Защита от насилия и домогательств в сфере труда: вызовы и возможности для России и Казахстана» (публикация). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zaschita-ot-nasilija-i-domogatelstv-v-sfere-truda-vyzovy-i-vozmozhnosti-dlya-rossii-i-kazahstana>

С. Г. Еремеев анықталған фактілерді қараудың нормативтік негізін, субъектілері мен тәртібін, харассмент құрбандарын қорғау ерекшеліктерін және агрессор үшін салдарын айқындай отырып, харассмент пен оған қарсы іс-қимыл мониторингі жүйесін әзірлеуді және енгізуді ұсынды⁵.

М. В. Неvejeина еңбек саласындағы алымсақтыққа тыйым салуды құқықтық реттеу және еңбек қызметі шеңберінде алымсақтыққа ұшыраған қызметкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мәселесін қарастырды⁶. Мақалада Ресей заңнамасын талдау негізінде ол алымсақтыққа ұшыраған жұмыскерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру өте қиын (мүмкін емес) деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар, автор 190-конвенцияның және №206 ұсынымның жекелеген ережелерімен сөзсіз келісу қиын екенін атап өтті.

В. Е. Петров өз жұмысында жұмыс орнындағы қудалау құбылысының психологиялық мәнін ашады. Қарама-қарсы жынысты полиция қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас мәселелерін қарастырады⁷.

И. Горшкова, О. Мирясова мақаласында 2010-2018 жылдар кезеңінде және консервативті құндылықтарды ресми насихаттау аясында жоғары білім беру шығындарын оңтайландыру жағдайында гендерлік теңсіздіктің себептері мен көріністерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Жалақы бойынша гендерлік алшақтық, «шыны төбенің» болуы, отбасылық міндеттері бар жұмыскерлердің қажеттіліктеріне назар аудармау тіркелді⁸.

Сонымен қатар Е.А. Марьясова К.А., Страхова, М.В. Варданян, К.С. Жолудева сияқты авторлар бұқаралық ақпарат құралдарының харассмент мәселесі бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыруға деген ерекше әсерін және қудалау туралы сот істерін қарау кезінде кінәлілердің қоғамдық айыптауға тап болатынның нәтижесінде өз мақсатына пайдалану мен баюдың ықтимал орын алу мүмкіндігін атап өтті^{9,10}.

Бангладеште жүргізілген зерттеулер қызығушылық тудырады, ол зерттеулердің барысында гендерлік зорлық-зомбылық пен алымсақтыққа, соның ішінде сексуалды алымсақтыққа қарсы күрестің негізгі олқылықтарын анықтау үшін елдің құқықтық және саяси базасы зерттелді¹¹. Зерттеу Бангладештегі гендерлік зорлық-зомбылыққа, соның ішінде сексуалды алымсақтыққа қатысты заңдарды, саясатты және тәжірибені қарастырады. Жүргізілген зерттеулер негізінде Бангладештің еңбек саласындағы гендерлік зорлық-зомбылық пен алымсақтыққа қатысты құқықтық және саяси базасын нығайту бойынша ұсыныстар келтірілген. Ұсыныстардың ішінде: Жоғарғы Сот бөлімшесінің (the High Court Division's guidelines) сексуалды алымсақтық және басшылық принциптері туралы хабардарлықты арттыру, құқық қолдану мен мониторингі, 2009 жылғы жұмыс орындарындағы нұсқаулықтарды күшейту, еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен қудалау туралы ұлттық құқықтық және саяси базаны нығайту, сексуалды алымсақтыққа қарсы ішкі саясатты қабылдауға жәрдемдесу, зауыттар мен кәсіпорындарды инспекциялау департаментінің әлеуеті

⁵ Еремеев С.Г. «Харассмент: Современный взгляд на проблему» (публикация). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/harassment-sovremennyu-vzglyad-na-problemu>

⁶ Неvejeина М.В. «Харассмент как одно из проявлений дискриминации в сфере труда» (публикация). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/harassment-kak-odno-iz-proyavleniy-diskriminatsii-v-sfere-truda>

⁷ Петров В.Е. Харассмент как социально-психологический феномен и проблематика отношений между сотрудниками полиции противоположного пола. Журнал наука и практика, №1, 2014 г. с 206-209

⁸ Горшкова И. Д., Мирясова О. А. Гендерное неравенство в современной российской высшей школе // Женщина в российском обществе. 2020. № 1. Стр. 29–44.

⁹ Марьясова Е.А., Страхова К.А. Феномен харассмента в Российской Федерации и Соединенных Штатах Америки: социально-философский анализ // Контекст и рефлексия: философия о мире и человеке. 2019. Том 8. № 2А. С. 24-30.

¹⁰ Варданян М.В., Жолудева К.С. Диалог культур: харассмент в России, США и Европе. Материалы VI Международной научно-практической конференции. 2018, С. 266-268

¹¹ Overview of laws, policies and practices on gender-based violence and harassment in the world of work in Bangladesh. URL: https://www.ilo.org/dhaka/Whatwedo/Publications/WCMS_757149/lang-en/index.htm

мен заңды өкілеттіктерін нығайту, гендерлік зорлық-зомбылық пен алымсақтыққа қарсы іс-қимыл жасау, тиісті мүдделі тараптарды гендерлік зорлық-зомбылық пен қудалау мәселелеріне үйрету, еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен қудалау туралы деректерді жинау.

Қазақстанда әлеуметтік зерттеулер осыған дейін де жүргізілген еді. MediaNet компаниясы 2021 жылы «Қазақстандықтардың сексуалды алымсақтыққа деген көзқарасы» тақырыбында сауалнама жүргізді¹². Сауалнама нәтижелері бойынша жауап бергендердің 82%-ы сексуалды алымсақтық мәселесін өзекті болып табылатыны мойындады. Олардың 54%-ы бұл, әрине, шешілуі керек маңызды мәселе деп санайды, 7%-ы мұны проблема деп санамайды. Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 92%-ы бұл проблемамен мемлекеттік деңгейде күресу керек, қудалау құрбандарын заңнамалық және корпоративтік деңгейде қорғау қажет деп санайды.

MediaNet сауалнамаіне қатысушылардың басым көпшілігі сексуалды алымсақтық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті енгізу қажет деп санайды. Азаматтардың үштен бір бөлігінен астамы гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күресте сексуалды алымсақтық құрбандарын қорғау үшін тиімді заңнамалық шаралар қажет деп санайды.

Бір қызығы, респонденттердің үштен бір бөлігі мектеп бағдарламасына жыныстық ағарту курсы енгізуді қолдады және сол сияқты халықтың құқықтық және этикалық сауаттылығын арттыруды жақтады және қудалаумен күресуге бағытталған белсенді ақпараттық науқанның қажеттігін атап өтті.

2017 жылы «BBC surveyed» агенттігі АҚШ-тағы 2000 респонденттің пікірін білді. Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша сексуалды алымсақтық құрбандарының көпшілігі бұл туралы хабарламаған екен. Әйелдердің тек 63%-ы шағым түсірмеген¹³. Жұмыс орнындағы сексуалды алымсақтық туралы 4 шағымның 3-і дерлік тіркелмеген күйде қалады.

Нәтижесінде сексуалды алымсақтыққа шағымдануға қолдау көрсету үшін ұйымдарда мәдениетті дамыту бойынша жақсырақ жұмыс жасауға кеңес берілді. Сексуалды алымсақтықты болдырмаудың қатаң саясатын құрудан басқа, сексуалды алымсақтық бойынша тұрақты тренингтер және қудалау туралы айыптауларға қатысты жедел әрекеттер қажет.

2020 жылы АҚШ-тың жұмыспен қамтудың тең мүмкіндіктері жөніндегі комиссиясы (ЕЕОС)¹⁴ жариялаған есеп 2020 жылы алынған шағымдардың 55,8%-ы уытты жұмыс ортасының қалыптасуына ықпал ететін сексуалды алымсақтық жағдайлары туралы мәлімделгеннен кейінгі жағымсыз салдарға байланысты екенін көрсетті. Бұл лауазымның төмендеуі, штаттық қызметтен шығару немесе қолайсыз қайта тағайындау сияқты көптеген түрлерде көрініс табады.

ABC және Washington Post¹⁵ сауалнамасына қатысқан әйелдердің айтуынша, сексуалды алымсақтықтың 95%-ы жазасыз қалады. Бұл өте алаңдатарлық көрсеткіш, себебі бұл көптеген компаниялардағы корпоративтік мәдениет әдетте құрбандарды емес, қылмыскерлерді қорғайтынын көрсетеді.

Deloitte мұны өз есебінде егжей-тегжейлі сипаттайды¹⁶. Барлық қатысушылардың, соның ішінде куәгерлердің, тергеушілердің және жәбірленушілердің эмоционалды күй-зелісінен басқа, жұмыс орнындағы сексуалды алымсақтық айтарлықтай қаржылық шығындарға әкеледі. Тек өнімділікті жоғалту бір өзі әр жәбірленушіге шаққанда 1053 долларды құрайды.

¹² <https://inbusiness.kz/ru/news/opros-82-kazahstancsev-priznali-problemu-seksualnyh-domogatelstv-aktualnoj>

¹³ <https://inspiredelearning.com/blog/sexual-harassment-in-the-workplace-statistics/>

¹⁴ <https://www.eeoc.gov/newsroom/eeoc-releases-fiscal-year-2020-enforcement-and-litigation-data>

¹⁵ <https://www.i-sight.com/resources/guide-to-workplace-sexual-harassment-infographic/>

¹⁶ <https://www2.deloitte.com/content/dam/Deloitte/au/Documents/Economics/deloitte-au-economic-costs-sexual-harassment-workplace-240320.pdf>

Зорлық-зомбылықты немесе қудалауды астан өткергендердің 72%-ы қудалауды лауазымы бойынша жоғары тұрған адамнан көрген. Жас жағынан өзінен үлкен немесе беделді адамның қудалауы кек алу қаупін ескере отырып, әсіресе қорқынышты болуы мүмкін. Неғұрлым ықпалды тұлғаны айыптау қорқынышты болуы мүмкін, себебі олар сіздің айналаңыздағы адамдарға қарағанда «одақтастары» көбірек болып көрінеді, бұл тіркелмеген сексуалды алымсақтыққа әкелуі мүмкін.

Жыныстық қудалауды немесе шабуылдарды бастан өткерген тұлғалардың 31%-ы кейіннен мазасыздықты немесе депрессияны сезінді. Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің 37%-ы қудалау олардың мансаптық өсуіне теріс әсер ететінін айтты. қудалауды болдырмау үшін әдетте өз күн тәртібін өзгертеді.

Халықаралық зерттеу тәжірибесін зерделеу нәтижелері Қазақстанда жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтық сексуалды алымсақтықтың таралуы, олардың түрлері мен себептері, денсаулық пен мансап үшін салдары, алдын алудың алғышарттары мен деңгейі, мәлімдеудің мүмкіндігі және олардың нәтижелері мәселелері бойынша ауқымды әлеуметтік зерттеулер жүргізу үшін әдістемелік негіз берді.

2.

Екінші кезеңде мыналарды қамтитын әлеуметтік зерттеулер жүргізудің әдістемесі мен бағдарламасы дайындалды **(1-ҚОСЫМША)**:

- әдіснамалық бөлігі, оның ішінде:

- 1.1. Өзектілігі мен мәселелері
- 1.2. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері
- 1.3. Зерттеу объектісі мен нысанасы

- әдістемелік бөлігі, оның ішінде:

- 2.1. Іріктемелі жиынтық көлемі
- 2.2. Ақпарат жинау әдісінің негіздемесі
- 2.3. Құралдар жинағының құрылымы
- 2.4. Ақпаратты өңдеу әдістемесі
- 2.5. Ақпаратты талдау әдістері
- 2.6. Зерттеуді ұйымдастыру (жұмыс жоспары)

Сонымен қатар, әлеуметтік зерттеу бағдарламасына фокус-топтағы жұмыс енгізілді, ол үшін өз кезегінде әдістеме жасалып, сұхбатқа арналған сұрақтар әзірленді

Жобалық топ сарапшы-әлеуметтанушының қатысуымен сауалнамалар әзірледі **(2-ҚОСЫМША)**:

- 1) жасына, әлеуметтік және отбасылық мәртебесіне байланысты емес, 31 сұрақтан тұратын әйелдерге арналған¹⁷
- 2) 11 сұрақтан тұратын кәсіпорындардың, ұйымдардың, мемлекеттік органдардың басшылары және қызметкерлерді жалдаушы жеке кәсіпкерлер болып табылатын жұмыс берушілер үшін.

¹⁷ Зерттеу жүргізу әдістемесіне сәйкес Қазақстан Республикасында әйелдерге қатысты жұмыс орнында зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтық сексуалды алымсақтықтың таралуын зерделеу көзделген

3.

Жұмыспен қамтылған халықты (жұмыс істейтін әйелдер мен жұмыс берушілерді) сауалнамамен кеңінен қамтуды қамтамасыз ету үшін орындаушылар ең көп мүше ұйымдары бар әлеуметтік әріптестерге, соның ішінде «Атамекен» ҚР ҰКП, «KAZENERGY» Қауымдастығы, «Тау-кен өндірушілері және тау-кен металлургиялық кәсіпорындардың республикалық қауымдастығы» ЗТБ сұрау салуды дайындады. Осы сұрау салу Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті директорының қолы қойылып жіберілді (3-ҚОСЫМША).

Еріктілер ретінде жобаға 12 өңірде орналасқан (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар облыстары, Алматы, Шымкент қалалары) Орындаушы ұйымының орталық кеңсесі мен облыстық филиалдарының қызметкерлері қатысып, аталған халық топтары арасында сауалнама жүргізді.

4.

Әлеуметтік зерттеулер бағдарламасына сәйкес 2022 жылғы 21.05. Фокус-топ өткізілді. Фокус-топты жобалық топ мүшелері, модератор сарапшы-Ш. Жүсіпқалиева көбірек өңірлерді қамту мақсатында өткізді, фокус-топ қатысушыларының кездесуі Zoom сервисі арқылы онлайн ұйымдастырылды.

Бұл форматты респонденттер зерттеудің сипаты мен мәселелердің тақырыбын ескере отырып, жеке қатысудың және жеке басын ашып көрсетудің қажеттілігінің жоқтығына байланысты құптады.

Фокус-топқа республиканың түрлі өңірлерінен, түрлі жастағы, әлеуметтік және отбасылық жағдайы, білімі әртүрлі 14 әйел мен 1 ер адам қатысты (4-ҚОСЫМША). Іс-шара Фокус-топты өткізу барысында компьютер мониторынан әрі қарай өңдеу (хаттама, стенограмма жасау) және SCREENSHOT үшін бейнежазбамен сүйемелденді.

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ


1. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ БЕЙІНІ.

Жаппай сауалнамаға Қазақстан Республикасының барлық облыстары мен облыстық маңызы бар қалалардың 18 жастан 60 жасқа дейінгі 1339 әйел қатысты. Сауалнамаға қатысқан әйелдердің жартысынан астамы (53,9%) тұрмыста. Жаппай сауалнама респонденттерінің жалпы санындағы тұрмысқа шықпаған респонденттердің үлесі 24,4%-ды құрады, сауалнама өткізу сәтінде респонденттердің 2,9%-ы азаматтық некеде, 13,1%-ы ажырасқан және 4,5%-ы жесір қалған.



Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің отбасы жағдайы	Саны	%
Тұрмысқа шыққан	77	44,5
Тіркелмеген тұрмыста	8	4,6
Тұрмысқа шықпаған	49	28,3
Жесір	4	2,3
Ажырасқан	31	17,9
Басқасы	4	2,3

Іріктемелі жиынтық үлестің жас топтары бойынша бөлінуі мынадай: 35 пен 59 жас аралығындағы респонденттер саны бойынша ең үлкен топ (64%).



Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің жасы.	Саны	%
18-24 жас	22	12,7
25-34 жас	45	26
35-44 жас	57	32,9
45-59 жас	45	26
60 жас және одан жоғары	1	0,6
Көрсетілмеген	3	1,8

Этникалық бөліністе сұралғандардың 66,7%-ы қазақ, 29,4%-ы орыс және 3,9%-ы басқа этностардың: украин, ұйғыр, татар, неміс, кәріс және т.б. өкілдері құрады.




Сауалнамаға қатысқан әйелдердің ішінде саны ең көп топ 58,8%-ды құраған жоғары білімі бар респонденттер тобы болды, 14,5% ғылым магистрі дәрежесінің иегері, сауалнамаға қатысқан респонденттердің 3,7% аяқталмаған жоғары білім болды. Сауалнамаға қатысушылар арасында арнайы орта/кәсіптік білімі бар топтың саны (18,5%) да айтарлықтай болды.



Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің білімі.	Саны	%
Жоғары оқу орнынан кейінгі (магистр, ғылым кандидаты/докторы)	30	17,3
Жоғары (бакалавр/маман)	104	60,1
Аяқталмаған жоғары білім	8	4,6
Арнайы орта/кәсіптік білім	22	12,7
Жалпы орта (11 сынып)	6	3,5
Басқасы	3	1,7

Респонденттер арасында атқарған лауазымы/жұмысқа тұрған кездегі лауазымы бойынша ең көп мамандар (соның ішінде жетекші) (47%), жұмысшы мамандықтарында 26,7%, желілік басшылар 13,5%, жаңа бастаған мамандар 5,4%, ал топ-менеджерлер, компания иелерінің пайызы әйелдер арасында тек 1,3%-ды құрады.



Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің жұмысқа тұрған кезіндегі лауазымы/қазіргі лауазымы бойынша тізімі	Саны	%
топ-менеджер, компания иесі	4	2,3
желілік басшы (бөлімнің, қызметтің және т.с.с.)	32	18,5
маман/жетекші маман	80	46,2
жаңа бастаған маман	15	8,7
жұмысшы мамандық	29	16,8
Басқасы	13	7,5

Әйелдердің 46%-ы Акционерлік қоғамдарда, 31%-ы меншік нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылатын ұйымдар мен кәсіпорындарда, 10%-ы мемлекеттік кәсіпорындарда және 2,7%-ы жеке кәсіпкерлерде жұмыс істейді.



Кәсіпорындардың (ұйымдардың) салалық тиесілілігінің негізгі түрлері ретінде респонденттердің: 45,7% – өнеркәсіпті, 14,5% – мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, мекемелерді (жоғарыда аталған нұсқаларда көрсетілмеген өзге де), 8,9% – білім, ғылым, мәдениет, спортты көрсетті.



Респонденттердің өңірлер бойынша бөлінісі	Барлығы		Соның ішінде алымсақтыққа ұшырағандар	
	Саны	%	Саны	%
Астана қ. және Ақмола облысы	138	10	35	25,4
Алматы қ. және Алматы облысы	440	31,8	58	13,2
Шымкент қ. және Түркістан облысы	48	3,6	5	10,4
Ақтөбе облысы	33	2,4	5	15,2
Атырау облысы	124	9	11	8,9
Шығыс Қазақстан облысы	124	9	8	6,5
Жамбыл облысы	45	3,3	3	6,7
Батыс Қазақстан облысы	70	5,1	4	5,7
Қарағанды облысы	206	14,9	16	7,8
Қостанай облысы	47	3,4	8	17,0
Қызылорда облысы	5	0,4	0	0,0
Маңғыстау облысы	46	3,3	9	19,6
Павлодар облысы	38	2,7	7	18,4
Солтүстік Қазақстан облысы	12	0,9	0	0,0

2. ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.

«Сіздің ойыңызша, біздің Республикада жұмыс орнында зорлық-зомбылық пен қудалау жағдайлары бар ма?» деген сұраққа әйелдердің 45%-ы бар деп жауап берді, 10,6%-ы жоқ деп санайды.




Проблеманы негізінен Батыс Қазақстан облысының респонденттері жоққа шығарады.


	Иә, бар	Иә және көп емес	Бар деп ойламаймын	Жоқ шығар	Жоқ	Жауап беруге қиналамын
Астана қ.	63	8	9	5	4	20
Алматы қ.	147	24	43	20	35	88
Шымкент қ.	19	2	3	3	4	13
Ақмола облысы	12	2	5	4	2	4

	Иә, бар	Ия және көп емес	Бар деп ойламаймын	Жоқ шығар	Жоқ	Жауап беруге қиналамын
Ақтөбе облысы	10	2	2	3	6	10
Алматы облысы	30	9	18	8	8	10
Атырау облысы	44	7	11	8	12	42
Шығыс Қазақстан облысы	43	3	20	7	13	38
Жамбыл облысы	10	6	9	2	3	15
Батыс Қазақстан облысы	17	3	10	10	18	12
Қарағанды облысы	53	9	19	19	31	75
Қостанай облысы	30	4	4	3	2	4
Қызылорда облысы	1	0	1	0	2	1
Маңғыстау облысы	20	2	4	3	2	15
Павлодар облысы	16	2	6	0	5	9
Солтүстік Қазақстан облысы	5	1	2	0	1	3
Түркістан облысы	2	0	0	1	0	1


Басым көпшілік (87,9%) өмірлерінде ешқашан жұмыста мәжбүрлі немесе қажетсіз физикалық контактіде болған емес. Бұл сұраққа жауап берген 1331 әйелдің, 128-і немесе 9,5%-ы жұмыста жыныстық сипаттағы ұсыныстармен немесе талаптармен бір емес бірнеше рет бетпе-бет келгенің және жауап беру қиналғандарды екінші санатқа жатқызу керек, өйткені сауалнама кезінде олар кейінгі нақтылаушы сұрақтарға оң жауап берген. Осылайша, біз зардап шеккен әйелдердің саны 173 болды деп ойлаймыз.



Алымсақтыққа ұшыраған әйелдер арасында қудалау жағдайларының жиілігі былай таралған.



52% жағдайда зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтық түрлі деңгейдегі басшылардың тарапынан орын алған, сонымен бірге осындай жағдайлардың шамамен үштен бірі әріптестерінің кінәсінен орын алады



	Саны	%
Жас тұрмысқа шықпаған қыздар	722	41,9
Тұрмысқа шыққан орта жастағы әйелдер	531	30,8
Әрбір әйел/қыз	410	23,8
Басқасы	36	2,1

Респонденттердің пікірінше, жас тұрмысқа шықпаған қыздар (41,9%), 30,8% тұрмысқа шыққан орта жастағы әйелдер жұмыста алымсақтыққа жиірек ұшырайды.

Бұл ретте, әрбір төртінші әйел барлық әйелдер/қыздар мұндай жағдайға тап болуы мүмкін деп санайды.

Әйелдер жұмыс орнында тап болатын зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтық сексуалды алымсақтықтың негізгі көріністері.



9 респондент (1%) «Көмек үшін қызмет» сияқты түрді атап өтті, яғни жыныстық сипаттағы қатынас үшін қорғаушылық және қызмет бабында көтерілудің ұсыныстары.

«Сіз алымсақтықтан кейін қандай да бір шара қолданар ма едіңіз?» деген сұраққа респонденттердің 25,8% жанжалды жеке тәртіппен шешуге тырысамыз деп жауап берді (мысалы, жәбірлеушіге бұл орынсыз, жағымсыз екенін түсіндірді, тоқтатуды сұрады), тағы 18,4% ешқандай әрекет жасамас еді деп жауап берді.



«Ер әріптестердің әйелдерге шамадан тыс назар аударуы немен байланысты болуы мүмкін?» деген сұраққа респонденттердің 11,1%-ы және алымсақтыққа ұшыраған сауалнамаға қатысқан әйелдердің көпшілігі (44,1%) қудалаушылардың жазасыздығын атады, мұндай әйелдердің 13,3%-ы заңнаманың жетілдірілмегендігін және 11,9%-ы отбасыдағы тәрбиенің кемшіліктерін кінәлайды. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан барлық әйелдердің 24,2%-ы жәбірленушінің, оның жүріс-тұрысы, киімі мен қол жетімділігін кінәлі деп санайды.



Әйелдер жұмыстағы зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтық фактілеріне байланысты психикалық және/немесе физикалық денсаулығының нашарлауын атап өтті ме деген сұраққа орын алған жағдайлардың 6,9 %-ы депрессия және стресспен аяқталғаны анықталды, 0,5% – 1 әйел қудалаудан кейін оларда (немесе олардың әріптестері, таныстары) салмақпен және қарым-қатынастарда проблемалар пайда болғанын, психологқа жүгінуге мәжбүр болғанын айтты, ал 1% – 4 әйелде дене жарақаты болды.

	Саны	%
Иә, мен күйзеліске ұшырадым	83	20,4
Иә, бұл қорлау болды	80	19,7
Депрессияға түстім	13	3,2
Психологқа жүгіндім	4	1,0
Дене жарақаты түрінде денсаулыққа зиян келтірілді (сыдырылым, гематомалар және т. б.)	1	0,5
Жоқ, нашарлаған жоқ	34	8,4
Жауап беруге қиналамын	189	46,4

Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің 36,6%-ы күйзеліске ұшырады, 38,2%-ы бұл қорлау болды деп көрсетті, 8,1%-ы депрессияға ұшырады. 15,4% жағдайлары нашарлаған жоқ деп көрсетті.

	Саны	%
Иә, мен күйзеліске ұшырадым	45	36,6
Иә, бұл қорлау болды	47	38,2
Депрессияға түстім	10	8,1
Психологқа жүгіндім	1	0,8
Дене жарақаты түрінде денсаулыққа зиян келтірілді (сыдырылым, гематомалар және т. б.)	1	0,8
Жоқ, нашарлаған жоқ	19	15,4

35% жағдайда әйелдер алымсақтыққа тап болып, ешқандай әрекет жасамады.



Сауалнама нәтижелері бойынша әйелдер басшылыққа болған жағдай туралы хабарлаған жағдайлардың 78% елемеу немесе теріс реакция орын алды, жағдайлардың 20% дерлік басшылық шаралар қабылдаған, басшылық әйелдердің сөзіне құлақ асқан ал жәбірлеушілер жазаланған, сонымен қатар 27% жағдайда басшылық тараптарды татуластыруға тырысқан.




Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің 40%-ы басқа бөлімге ауысты, 5%-ы қысым көріп және 20%-ы өз еркімен жұмыстан шықты.

Респонденттердің көпшілігі жыныстық қарым-қатынасқа түсуден бас тартудың салдары туралы сұраққа және басшылық немесе әріптестер тарапынан жағынуды қабылдамау оларға ешқандай әсер етпеді деп жауап берді, 21%-ы қысымға ұшырады, әділетсіз шағымдар мен сөгістерге ұшырады, 11%-ы жұмыстан шығарылды, 6%-ы жәбірлеуші оларды кейіннен елемеді және 3%-ы қызмет бабы бойынша көтерілді деп жауап берді.



Зорлық-зомбылық жасаушының өзі жауапты болуы керек деп санайтын респонденттердің 62,7%-бен қатар, 8,2%-ы оқиғаның орын алуыны өзінің жүріс-тұрысымен және сыртқы келбетімен инцидент тудырғаны үшін алымсақтық объектісін айыптайды, ал 8%-ы жауапкершілік сондай-ақ жұмыс берушіге де жүктелуге тиіс деп санайды.



Респонденттердің көпшілігінің пікірінше (89,6%), жұмыс орнындағы сексуалды алымсақтық қылмыстық жауапкершілікпен бірге жұмыс орны бойынша тәртіптік жауапкершілік (сөгіс, ескерту, жұмыстан босату) сипаттағы жазалармен жазалануы керек.

	Саны	%
Жұмыс орны бойынша тәртіптік жауапкершілік (сөгіс, ескерту, жұмыстан шығару)	711	33,2
Әкімшілік жауапкершілік (айыппұл)	476	22,2
Қылмыстық жауапкершілік бас бостандығынан айыру	733	34,2
Жауап беруден бас тарту	12	0,6
Жауап беруге қиналамын	211	9,9

Алымсақтыққа жеке басы ұшыраған әйелдердің 49,1%-ы бастықтар мен әріптестер тарапынан болатын физикалық және психологиялық алымсақтық әлі проблема ретінде қарастырылмайтындығымен келіседі.

«Қазақстанда жұмыс орнындағы сексуалды алымсақтықтан құқықтық қорғауды күшейту керек пе?» деген сұраққа 58,6% құқықтық қорғауды күшейтуді қолдайтының, 21,7% қолдауға дайын екенін және 1,5% бұны маңызды деп санамайтынын атап өтті.


«Әйелдер/қыздар қаншалықты жиі әріптестері үшін қызығушылық танытудың объектісі болады?» деген сұраққа келесі деректерді алдық. 23% бұл сирек және кейде ғана болады деп санайды. 22,8% – жиі, 7,6% – ешқашан, 39,4% жауап беру қиналамын деп жауап берді.




«Жыныстық қарым-қатынас үшін беделді жұмыс орны немесе қызмет бабы бойынша жоғарылау ұсынылған құрбыңызға қандай кеңес берер едіңіз?» деген сұраққа респонденттердің 29,2%-ы бұл әркімнің жеке ісі/өзі шешеді деп жауап берді, 25%-ы ұсыныстан бас тартуға, 19%-ы құқық қорғау органдарына жүгінуге кеңес берер деп жауап берді.




Респонденттердің 59,6%-ы өздері жұмыс істейтін ұйымда еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен алымсақтықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізілмейтінін атап өтті, 27%-ы жауап беруге қиналды.



Әйелдердің 45,8%-ы біздің елімізде сексуалды алымсақтықтың процестік негіздері жоқ екенін, бұл заңмен бекітілмегенін, бұл ұғымның нені білдіретінін көрсететін термин де, анықтама да жоқ екенін атап өтті.




«Қазақстанға сексуалды алымсақтық жайлы жекелеген заңдар қажет пе?» деген сұраққа респонденттердің 49%-ы «иә» деп жауап берді.




ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМАНИҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

3. РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ БЕЙІНІ.

Әлеуметтік зерттеуге ұйымдардың 208 басшысы қатысты. Респонденттер басқаратын кәсіпорындардың (қызметкерлер саны) көлемі тұрғысынан мынадай көрініс алынды: 31,7% – 51-ден 100 адамға дейін, 20,7% – 16-дан 50 адамға дейін, 14,9% – 101-ден 250 адамға дейін, 13,5% – 251-ден 1000 адамға дейін және 7,7% – 1000-нан астам адам.



Сауалнамаға көбінде әйелдердің үлесі шамамен 90% және 70% және 50% болатын кәсіпорын басшылары қатысты. 6 жұмыс беруші (2,9%) бұл сұраққа жауап беруге қиналды.




ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

4. «Сіздің асшы ретіндегі тәжірибеңізде (соның ішінде басқа ұйымда) әйелдердің немесе еңбек ұжымының өкілдерінің әйелдерді жынысына қарай қорлайтын қудалау немесе әдепсіз мінез-құлық жағдайлары туралы мәлімдеулер болды ма?» деген сұраққа респонденттердің 87,5% мәлімдеулер болмағанын, 9,6% мәлімдеулердің жоқтығына қарамастан орын алған оқиғалар туралы білетінің және 2,9% басқа кәсіпорындарда болған оқиғалар туралы білетінің айтты.



Гендерлік зорлық-зомбылық пен жұмыс орнындағы алымсақтықтың негізгі түрлерінің ішінде жұмыс берушілер пасық әзілдерді, «әдепсіз» мақтау сөздерді және әйелдің ізінше ысқырықты (36,1%), жанасуды, сүйелерді немесе сүйеге тырысуды, романтикалық қарым-қатынасты орнатуға тырысуды (30,6), «орнын» көрсету үшін қорлауды және әйелдің жақсы басшы бола алуы мүмкін еместігі (16,7%) туралы сөздерді атап өтті.



«Мұндай оқиғалар қайда орын алды?» деген сұраққа 6,7% респонденттердің пікірі бойынша бұл тікелей жұмыс орнында, 6,3% корпоративтік іс-шаралар кезінде, соның ішінде спирттік ішімдіктердің әсерінен, 1,9% қызметтік іссапарлар кезінде және 1,4% жұмыс жатақханаларында, вахталық кенттерде болды деп жауап берді, ал 37% бұл сұраққа жауап бере алмады.


	Саны	%
жұмыс жатақханаларында, вахталық кенттерде	3	9
корпоративтік іс-шаралар кезінде, оның ішінде спирттік ішімдіктердің әсерінен	13	38
қызметтік іссапарлар кезінде	4	12
тікелей жұмыс орнында	14	41

Басшылардың пікірінше, оқиғалар көбінесе әріптестер тарапынан (32,7%) және клиенттер, келушілер тарапынан (28,8%) және 21% – ұйым басшылары тарапынан орын алған.

	Саны	%
ұйым басшылары	9	17,3
тікелей басшылар	7	13,5
Әріптестер	17	32,7
Қарамағындағылардан	4	7,7
клиенттер, келушілер	15	28,8


Бұл ретте, ұйым басшылары тарапынан алымсақтық микро және шағын кәсіпкерлікте, әріптестер тарапынан шағын және ірі бизнесте, клиенттер тарапынан - шағын бизнесте атап өтілді.

«Сіздің ойыңызша, бұл оқиғалардың алғышарттары қандай болды?» деген сұраққа респонденттердің көпшілігі (63%) ер адамдардың жүгенсіздігі мен әдепсіздігін, басшының оны тиятын ешкімнің жоқ екенін сезінетінін (15%), сондай-ақ әйелдердің қиқар жүріс-тұрысы мен сыртқы келбетін (17%) атап өтті.




Басшылық зардап шеккен әйелдердің мәлімдеулеріне ден қою ретінде қабылдаған шаралардың ішінде тек 5% жағдайда құқық қорғау органдарына жүгінген, 8%-да тергеу жүргізілген және 14% жағдайда шаралар қабылданбаған, шешімсіз қалдырылған, респонденттер бұл басшылықтың назарына тұрарлық емес деп санайды.

Сонымен қатар, басым көпшілік (73%) бұл сұраққа жауап беруге қиналды.



Респонденттер, көбінесе, зардап шеккен адам үшін оқиғаның салдары болмағанын (62%), жұмыс орнын ауыстыру, басқа бөлімге ауысу жағдайлардың 17%-ында болған және денсаулығына байланысты 20%-ында проблемалар болғанын атап өтті.

«Сіздің ойыңызша, әйелдерді алымсақтықтан қорғау мақсатында ұйымда менеджментті қалай ұйымдастыру керек?» деген сұраққа жұмыс берушілер отбасылық құндылықтарды, әйелді құрметтеуді, гендерлік теңдікті насихаттауды күшейтуді ұсынды (41,3%); басшылыққа жұмыс орнындағы жыныстық зорлық-зомбылық пен қудалау фактілері туралы хабарлау мүмкіндігін ұйымдастыру (28%); әйелдерге қатысты әдепсіз көзқарас жағдайларының жолын кесу керек (26%) деп жауап берді.



Сонымен бірге түрлі себептер бойынша шара қолданбауды сұралғандардың 4,1%-ы жөн деп санайды.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПЕН СЕКСУАЛДЫ АЛЫМСАҚТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ МЕН СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ ТАЛДАМАЛЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ 2022 ЖЫЛҒЫ 01.05. – 2022 ЖЫЛҒЫ 10.06.

1. ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ.

Сауалнамаға қатысқан әйелдердің жартысына жуығы (51%) Қазақстанда жұмыс орнында зорлық-зомбылық пен қудалау фактілері бар екенін растады, олардың басым бөлігі Қостанай облысы мен Астана қаласынан болды. Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында аталған фактілердің барын жоққа шығаруда. Жамбыл және Қарағанды облыстарының әйелдері «иә», «жоқ» және «жауап беруге қиналамын» жауаптарының үштен біріне бөлінген зорлық-зомбылықтың бары мен жоғы бойынша шамамен бірдей жауаптар берді.

Зерттеу нәтижелері бойынша, алынған деректерді Республика ауқымына эмпирикалық түрде көшіру кезінде 300 мыңнан астам әйел өмірінде кем дегенде бір рет жұмыс барысында зорлық-зомбылық пен алымсақтыққа тап болды деп болжауға болады.

Алымсақтыққа ұшыраған сауалнамаға қатысқан әйелдердің жартысынан көбі (57,6%) бұл фактілердің бір емес бірнеше рет қайталанғанын көрсетті. Эмпирикалық тұрғыдан алғанда, 26 мың әйел зорлық-зомбылыққа, орынсыз және әдепсіз мінез-құлыққа үнемі бастан өткеруде деп болжауға болады. Мұны сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің 12%-ы растайды, олар өз кезегінде әйелдерден осындай мәлімдеулер алған немесе олар туралы басқа ұйымдарда естіген. Зорлық-зомбылықтың ең көп таралған түрлерінің ішінде әйелдер жағымсыз тисулерді, қырындауды, жағынуды және сүйеге деген тырысуды (17%), жыныстық тақырыптағы орынсыз әзілдерді (16%), жыныстық сипаттағы әңгімелер мен ымдауларды (16%) атап өтті.

Жұмыс берушілер де сондай-ақ, (дөрекі әзілдер, мақтау сөздер (36%), жанасу, сүйю (31%), әріптестерінің көзінше дене бітім мен сыртқы келбетті талқылау (11%) сияқты қудалау түрлері жайлы мәлімдеулер көбірек екенін атап өтті. Жұмыс берушілердің 17%-ы мұндай әрекеттердің мақсаты жыныстық зорлық-зомбылық емес, әйелге «оның орнын» және оның жақсы маман және басшы бола алмайтындығын көрсету екенін атап өтті.

2. НЕГІЗГІ АЛҒЫШАРТТАР МЕН СЕБЕПТЕР.

Сауалнамаға қатысқан әйелдердің үштен екісінің пікірінше, жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен қудалау негізінен басшылар тарапынан орын алған. Әйелдердің үштен бірі жәбірлеуші ретінде әріптестері мен клиенттерді көрсетті, оны жұмыс берушілер де растады. Олардың пікірінше, әріптестер мен клиенттер, әсіресе шағын және орта бизнесте алымсақтыққа жиі жол береді.

Көбінесе әйелдер жұмыс орнында (41%), корпоративтік іс-шаралар кезінде (38%), қызметтік іссапарлар кезінде азырақ (12%) алымсақтыққа ұшырайды.

Жұмыс берушілердің шамамен 10%-ы жұмыс жатақханаларында және вахталық кенттерде тұру кезінде қудалау туралы хабар алған, егер сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің тек бір бөлігі ғана өңдеу және қайта өңдеу өнеркәсібіне қатысы бар екенін ескерсек, онда бұл көрсеткішті де елеулі деп санауға болады.

Респонденттердің пікірінше, жас тұрмысқа шықпаған қыздар (42%) және тұрмысқа шыққан орта жастағы әйелдер (30,8%) жұмыста алымсақтыққа жиірек ұшырайды. Бұл ретте, әрбір төртінші әйел барлық әйел қызметкерлер мұндай жағдайға тап болуы мүмкін деп санайды.

Жұмыс берушілер жәбірлеушілердің жүгенсіздігі мен әдепсіздігін (63%) зорлық-зомбылық пен сексуалды алымсақтықтың негізгі алғышарттары ретінде қарастырады. Екінші орында әйелдің қиқар жүріс-тұрысы мен сыртқы келбеті (17%), басшының оны тиятын ешкімнің жоқ екенін сезінетінің (15%), кәсіпорын басшысының тарапынан бақылаудың болмауын 5% атап өтті.

Сауалнамаға қатысқан барлық әйелдердің төрттен бірі қудалау қаупін тудыратын негізгі себеп әйелдердің қиқар жүріс-тұрысы мен сыртқы келбетін атап өтті, бірақ алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің 44%-ы жазасыздықты басты себеп деп атады, сонымен қатар жетілмеген заңнама мен тәрбиенің кемшіліктерін атап өтті.

3. НЕГІЗГІ САЛДАРЫ.

Сауалнамаға қатысқан әйелдердің бірі оған дене жарақаты салынғанын айтты, бұны республика ауқымына статистикалық көшіру кезінде денсаулығына зиян келтірілген 40 мыңнан астам жәбірленуші барын айғақтауы мүмкін.

Зорлық-зомбылық фактісінен кейін зардап шеккен әйелдердің 37,6%-ы стресстік күйде болды, олардың 8%-ы депрессияға ұшырады, 38%-ы ұжымда қорлық көрді, бұл өз еркімен жұмыстан шығуға, сондай-ақ басқа бөлімшеге ауысуға әкелді. Жұмыс берушілердің 17%-ы зардап шеккен әйелдің жұмыс орнын ауыстыруы, негізгі салдардың бірі ретінде атап өтті, сауалнамаға қатысқандардың төрттен бірі осы фактілерден кейін әйел қызметкерлердің денсаулығына байланысты проблемалар орын алғаны туралы білген.

Алымсақтыққа ұшыраған респонденттердің 71%-ы қудалау фактілері мен қаупінің болуы әйелдің жеке тұлға және кәсіпқой ретінде дамуын тежейтінін растады, бұл өз кезегінде оған қызмет бабы бойынша көтерілуге мүмкіндік бермейді.

Әйелдердің көпшілігі (62,7%) жазаны жәбірленушілер көтеруі керек деп санаса да, олармен қатар кәсіпорын басшылары (8%) және таңқаларлығы жүріс-тұрысымен жағдайды туындатқаны үшін қудалау объектілері (8,5%) жазалануы керек деп санайды.

Бір қызығы, сауалнамаға қатысқан әйелдердің 1,3%-ы орынсыз әзілдерді, қырындауды, жабысуды, жанасуларды және т. б. жазалаудың немесе жолын кесудің қажеті жоқ деп санайды.

Құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік түрлерінің ішінде респонденттер бас бостандығынан айыруды (34,2%), жұмыс орны бойынша тәртіптік (33,2%) және айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікті (22,2%) қоса алғанда, қылмыстық жауапкершілікті таңдады.

4. ӘРЕКЕТТЕР МЕН ӨТІНІШТЕР.

Алымсақтыққа ұшыраған әйелдердің тек 13,3%-ы жәбірлеушіге қатысты қандай да бір іс-әрекет қабылдады, қалғандары көбіне басшылыққа немесе құқық қорғау органдарына жүгінбеді, өйткені олар әділеттілікке қол жеткізу мүмкіндігін көрмеді (27,2%), оқиғаның мәлім болуынан қашқақтады (13,3%) ұят болады деп қорықты.

Басшылыққа жүгінудің нәтижесі көбінесе теріс нәтижеге әкеп соқты.

